



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АБАЯ
ИНСТИТУТ МАТЕМАТИКИ, ФИЗИКИ И ИНФОРМАТИКИ

НАУЧНОЕ ЭЛЕКТРОННОЕ ИЗДАНИЕ

Материалы секции «Физика»
77-ежегодной научной конференции студентов и магистрантов КазНПУ
им. Абая

(Алматы, 17 ноябрь 2022)



Алматы
КазНПУ им. Абая
2022

УДК 53
ББК 22.3
М34

Редакционная коллегия:

Косов В.Н., Тлебаев К.Б., Хамраев Ш.И.,
Рыстыгулова В.Б., Насирова Д.М.

Главный редактор Рыстыгулова В.Б.
Ответственный за выпуск Султанова К.Ж.

Материалы секции «Физика» 77-ежегодной научной конференции студентов и магистрантов КазНПУ им. Абая [Электронный ресурс] / Гл. ред. Рыстыгулова В.Б., отв. секретарь Султанова К.Ж. – Электрон. текстовые дан. (1500 Мб.) – Алматы: Альманах, 2022. – Режим доступа: <https://xxxxxxxxxxxxxx>, свободный – Материалы секции «Физика» 77-ежегодной научной конференции студентов и магистрантов КазНПУ им. Абая. **ISBN 978-601-353-140-3**

Аннотация. Издание представляет собой сборник расширенных материалов докладов и сообщений 77-й научной конференции студентов и магистрантов Казахского Национального Педагогического Университета по секции «Физика», Алматы, 2022г. Научное электронное издание содержит материалы, тезисы и сообщения по следующим направлениям: физика конденсированного состояния, ядерная физика, физика флюидов и плазмы, астрономия и астрофизика, междисциплинарная физика, механика, исследования в области образования (физика). Представленные материалы подготовлены студентами и молодыми учеными из различных университетов и научно-исследовательских организаций. Они охватывают широкий круг фундаментальных и прикладных проблем в современной физике.

Электронное издание сборника тезисов проводилось с авторских листов участников конференции. За ошибки и опечатки ответственность несут авторы представленных материалов.

УДК 53
ББК 22.3
М34

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2022

ISBN 978-601-353-140-3



Мазмұны

1	2022 ЖЫЛДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ ҚУАТТЫ КҮН ЖАРҚЫРАУЛАРЫ ТУРАЛЫ Қыдырхан Динара, Нагашбаева Гулнур, Сайлаубекқызы Мадина <i>Абай атындағы ҚазҰПУ 6В05302-Физика ББ 4 курс студенттері</i>	
2	МОНОТЕРМИТТИ ҮЛГІЛЕРДЕГІ ДЕГИДРАТАЦИЯ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК ҮДЕРІСТЕРІН ЗЕРТТЕП ОҚЫП ҮЙРЕНУ. Айдарбекова Аяулым, Нұрғазы Гульнур, Рамет Бибіфатима, 4 курс студенттері, «6В05302-Физика»	
3	МОДЕЛДІК КЕРАМИКАЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДЕГІ МАССАТАСЫМАЛДАУ ҮДЕРІСТЕРІН ЗЕРТТЕП ОҚЫП ҮЙРЕНУ. Мұхаммедин Айнұр, Сауранбекова Индира, Тоқтасын Айдана, 4 курс студенттері, «6В05302-Физика»	
4	КҮРДЕЛІ ЭЛЕКТР ТІЗБЕКТІ ЕСЕПТЕУДІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ Ә.Е.Жаксымуратова, Г.Қ. Азым, Г.Б.Дүйсебай <i>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан</i>	
5	ГЕЛЬМГОЛЬЦ КАТУШКАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЭЛЕКТРОННЫҢ МЕНШІКТІ ЗАРЯДЫН АНЫҚТАУ С. Жұмағұл , М. Д. Исматуллаева , Р. А. Амралі <i>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан</i>	
6	ЕКІ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕНІҢ АТОМДЫҚ СПЕКТРЛЕРІН ОҚЫП-ЗЕРТТЕУ Д.Т. Қараней, Б.М.Исембай, Т.Н Жанғазы <i>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан</i>	
7	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨМІР КЕНІШТЕРІНЕН АЛЫНҒАН КӨМІР, КӨМІР КҮЛІНІҢ ЭЛЕМЕНТТІК ҚҰРАМЫН АНАЛИТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН АНЫҚТАУ	

	<p>Д. Баймолда¹, Ш. Шынғысова², А. Досымбек³ ¹ Физика ғылымының PhD докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан ² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 3 курс докторанты, Алматы қ., Қазақстан ³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан</p>	
8	<p>ЖҰЛДЫЗДЫ ЗАТТЫҢ НЕЙТРОНИЗАЦИЯЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ</p> <p>Болатбаев Е.Б.* * Абай ат. КазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, 7М05302-Физика ФБ 2 курс магистранты</p>	
9	<p>КОМПЬЮТЕРНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ФАЗОВЫХ ПЕРЕХОДОВ В ПОЛИТЕТРАФТОРЭТИЛЕНЕ</p> <p>К.Б. Тлебаев, А.Б. Сапарғалиева, М.К. Шияпов Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан</p>	
10	<p>ПОЛИМЕРЛЕРДІҢ КЕЙБІР ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАРАСТЫРУ</p> <p>Қапан Ұ. А., Мухаметханов И. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан Республикасы</p>	
11	<p>ЖҰЛДЫЗДАР ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ НУКЛЕОСИНТЕЗДІҢ РӨЛІ</p> <p>Жақсылықова А.* * Абай ат. КазҰПУ 7М05302-Физика ФБ 1 курс магистранты</p>	
12	<p>КҮНДЕ ЖҮРЕТІН ПРОЦЕССТЕР МЕН РЕАКЦИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ</p> <p>Орынбасар Н* * Абай ат. КазҰПУ 7М05302-Физика ФБ 1 курс магистранты</p>	
13	<p>ЕКІ АЛЬФА БӨЛШЕКТИҢ СЕРПІМДІ СОҒЫСУ РЕАКЦИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ</p> <p>Ернар нұрасыл, Орынбасар нұрдаулет Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан</p>	
14	<p>ЖАЗЫҚ ВЕРТИКАЛЬ КАНАЛДАҒЫ МОЛЕКУЛАЛЫҚ МАССАТАСЫМАЛДАУДЫҢ ШЕКАРАСЫН</p>	

	<p>АНЫҚТАУ</p> <p>Пердебек Муслима Жайсанқызы <i>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,</i> muslima.perdebek@gmail.com</p> <p><i>Ғылыми жетекші: физика-математика ғылымдарының кандидаты Мукамеденқызы В.</i> <i>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан</i> mukameden@inbox.ru</p>	
15	<p>КӨПКОМПОНЕНТТІ ГАЗ ЖҮЙЕЛЕРІ ҮШІН ЭФФЕКТИВТІК ДИФФУЗИЯ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІНІҢ ТЕМПЕРАТУРАДАН ТӘУЕЛДІЛІГІ</p> <p>В. Нұрдәулетқызы¹, А. А. Чахалов² ¹<i>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан</i> ²<i>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан</i></p>	
16	<p>H₂+N₂-CH₄ ГАЗ ҚОСПАСЫНЫҢ ЭФФЕКТИВТІК ДИФФУЗИЯ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІГІ</p> <p>Қ. Ж. Тоқтасын¹, А. Н. Ділімбетова² ¹<i>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан</i> ²<i>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы.</i></p>	
17	<p>КОЛЕБАНИЕ ДВУХ ПАРАЛЛЕЛЬНЫХ СТЕРЖНЕЙ С ДЕМПФЕРАМИ МЕЖДУ НИМИ НА ВИБРООПОРАХ КАЧЕНИЯ</p> <p>Г.А. Байымбетова¹, К.Ж., Султанова², Айбеш А³.</p>	
18	<p>ПРИМЕНЕНИЕ КОМПЬЮТЕРНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ УМЕНИЙ И НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ</p> <p>Б.Р.Сакибаева</p> <p><i>Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, г.Талдықорган, Казахстан</i></p>	

УДК 523.985.3

2022 ЖЫЛДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ ҚУАТТЫ КҮН ЖАРҚЫРАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қыдырхан Д., Нагашбаева Г., Сайлаубекқызы М.

Абай атындағы ҚазҰПУ, 6В05302-Физика, 4 курс

Күн жарқырауы – күн атмосферасының шағын аумағын қамтитын және оптикалық толқын ұзындығы диапазонында сутегі, кальций, гелий және басқа химиялық элементтердің эмиссия сызығының кенеттен ұлғаюымен, рентген сәулесінің күшеюінен көрінетін жарылыс процесі, радиация, және радиодиапазонында жарылыстардың пайда болуы [1].

Белгілі болғандай, күн жарқырауы – бұл күн атмосферасының кенеттен, жылдам энергияның бөліну процесіне реакциясы, шамасы, магниттік шығу тегі, бұл электрондардың, протондардың және ауыр иондардың локализацияланған сыртқы қызуына және үдеуіне әкеледі [1].

Жарқырау кезінде бөлінетін жалпы энергия $10^{30} \div 10^{32}$ эрг аралығында ауытқиды. Оқшаулардың ұзақтығы олардың қарқындылығына байланысты және 20÷30 минуттан 60÷150 минутқа дейін созылады. А, В, С, М, Х (сәйкесінше әлсіз және күшті) күн жарқырауларының 4 класы бар. Күн белсенділігінің уақытша заңдылықтарын зерттеу үшін күн белсенділігін сипаттайтын сандық сипаттамалар (индекстер) қолданылады.

1. Вольф сандары W (салыстырмалы күн дақтарының сандары), осы формула бойынша анықталады

$$W = k(10g + f) \quad (1)$$


мұндағы g – Күннің көрінетін дискісінде күн дақтары топтарының саны;

f – өзектер мен кеуектерді қоса алғанда, барлық топтардағы дақтардың саны;


k – әртүрлі бақылаулар қатарын салыстыру нәтижесінде алынатын және көріну жағдайларымен, қолданылатын құралмен, бақылау әдісімен және бақылаушының жеке ерекшеліктерімен анықталатын коэффициент.

2. Күн шығарылымының F ағынының тығыздығы 2800 МГц ($\lambda=10,7$ см) жиілігінде алынды. Бұл көрсеткіш W индексіне қарағанда үлкен физикалық мағынаға ие, өйткені Күннің иондаушы сәулеленуінің қарқындылығы осы диапазондағы радиосәулелену қарқындылығының өзгеруіне пропорционалды.

2022 жылы болған күн жарқырауларына талдау жасалды. Талдау үшін <https://tesis.xras.ru/> күн астрономиясы зертханасының деректері пайдаланылған.



Сурет 1 – 2022 жылдың 20 сәуіріндегі күн дақтары және Күннен рентген сәулелерінің сәулеленуі [2]



Сурет 2 – 2022 жылдың 02 қыркүйегіндегі Күн дақтары және Күннен рентген сәулелерінің сәулеленуі [2]

1-кесте

GOES 16 бақылауларының нәтижелері бойынша күн жарқыраулары туралы деректер

Жарқыраулар күні	Жарқыраулар уақыты	Жарқыраулар класы	Жылу ағынының тығыздығы
02 қаңтар 2022 ж.	12-00	M	10^{-5} Вт/м ²
18 қаңтар 2022 ж.	21-00	M1	10^{-5} Вт/м ²
29 аңтар 2022 ж.	04-00	M1	10^{-5} Вт/м ²
11 ақпан 2022 ж.	09-00	M1.4	10^{-5} Вт/м ²
15 ақпан 2022 ж.	00-00	M1.5	10^{-5} Вт/м ²
02 наурыз 2022 ж.	22-00	M2	10^{-5} Вт/м ²
12 наурыз 2022 ж.	01-00	M2.2	10^{-5} Вт/м ²
15 наурыз 2022 ж.	08-00	M2	10^{-5} Вт/м ²
28 наурыз 2022 ж.	16-00	M4	10^{-5} Вт/м ²
30 наурыз 2022 ж.	22-00	X1.3	10^{-4} Вт/м ²
31 наурыз 2022 ж.	21-00	M9.6	10^{-4} Вт/м ²
02 сәуір 2022 ж.	18-00	M4	10^{-5} Вт/м ²
15 сәуір 2022 ж.	15-00	M1.9	10^{-5} Вт/м ²

20 сәуір 2022 ж.	07-00	X2.2	10^{-4} Вт/м ²
29 сәуір 2022 ж.	16-00	X1	10^{-4} Вт/м ²
03 мамыр 2022 ж.	17-00	X1	10^{-4} Вт/м ²
10 мамыр 2022 ж.	17-00	X1.5	10^{-4} Вт/м ²
16 тамыз 2022 ж.	12-00	M5	10^{-5} Вт/м ²
26 тамыз 2022 ж.	16-00	M7	10^{-5} Вт/м ²
29 тамыз 2022 ж.	15-00	M8	10^{-5} Вт/м ²
16 қыркүйек 2022 ж.	13-00	M7	10^{-5} Вт/м ²
01 қазан 2022 ж.	00-00	M5.8	10^{-5} Вт/м ²
02 қазан 2022 ж.	00-00	X1.0	10^{-4} Вт/м ²

Күнде күн дақтары бар келесі белсенді аймақтарды байқауға болады, олар 1 және 2-суреттерде көрсетілген. Дәл осы күн дақтарының пайда болуы кезінде GOES-16 спутнигі Күннен рентгендік сәулеленуді тіркеді (1-кестені қараңыз), яғни X класындағы қуатты күн жарқыраулары.

Әдебиеттер:

1. Кузнецов А.Д., Логинов В.Ф. Космические воздействия на атмосферу. Ленинград, 1984. – С.160.
2. Лаборатория солнечной астрономии ИКИ и ИСЗФ <https://tesis.xras.ru/>

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының аға оқытушысы,
PhD Насирова Д.М.

УДК 621.1.016.4:662.61
МРНТИ 29.01.45

МОНОТЕРМИТТИ ҮЛГІЛЕРДЕГІ ДЕГИДРАТАЦИЯ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК ҮДЕРІСТЕРІН ЗЕРТТЕП ОҚЫП ҮЙРЕНУ

Айдарбекова А., Нұрғазы Г., Рамет Б.

Абай атындағы ҚазҰПУ, 6B05302-Физика, 4 курс

Техника және технологияларда табиғаттары әртүрлі тасымалдау үдерістері кеңінен орын алады. Сондықтан да оларды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жан жақты зерттеудің мәні өте зор. Мысалы: Құрамы полифазалық, керамикалық материалдарды қыздыру барысында олардың бойында әртүрлі температуралар аймақтарында табиғаттары әртүрлі физикалық және химиялық түрленулер орын алады. Олардың біразы жылуэффектілерімен байланысты жүріп материалдардағы жылуөткізгіштік үдерістерінің күрделі жағдайда өтеулеріне әкеп соғады. Дипломдық жобада құрамында монотермитті минералы басым (45%) полифазалық, керамикалық үлгілерді қыздыру барысындағы жылуөткізгіштік үдерістерін компьютерде модельдеп, есептеу тәжірибелерін жүргізу арқылы зерттеп оқып үйрену мәселелері мақсат етіп қойылған. Бұл үлгілердегі жылуөткізгіштік үдерістері белгілі температуралар аймағында ($550\text{ }^{\circ}\text{C} \div 900\text{ }^{\circ}\text{C}$) оның құрамындағы кристаллдық байланыстағы судың ыдырап, диффузиялық жолмен сыртқа шығарылуына байланысты жүріп күрделене түседі. Бұл дегидратациялық үдерістер жылуэффектісіне (эндотермиялық) байланысты жүретіндіктен үлгідегі температуралық өрістің белгілі бір шамаға ауытқуына әкеліп соғады.

Аталған үдерістерді компьютерде есептеу тәжірибелерін жүргізу арқылы зерттеу барысында математикалық модель ретінде аталған жағдайлар ескерілген эффектівті коэффициенті бар дифференциальды теңдеу алынды. Компьютерлік бағдарлама құру барысында үдерістерді сандық тұрғыдан зерттеу мақсатында алгоритм ретінде аталған дербес туындылы дифференциальды теңдеудің анық, айырымдық схемасы қолданылды. Есептеу тәжірибелері берілген нақтылық шарттар жағдайында жүргізілді. Атап айтқанда, физикалық шарт бойынша бұрынғы жұмыстарда зерттеу нысанына қатысты тәжірибелік жолмен анықталған, эффектівті температура өткізгіштік коэффициентінің температураға тәуелді мәндері алынды. Геометриялық шарт бойынша модельдік үлгілердің пішіндері мен үш түрлі өлшемдері таңдап алынды. Ал, шеттік шарттарға кіретін бастапқы шарт бойынша үдеріс басталар алдындағы үлгі термодинамикалық тепе-теңдік жағдайда тұр деп қарастырылды, яғни бастапқы сәтте ($\tau=0$) үлгінің барлық нүктелеріндегі температура мәндері бірдей болып тұр деп алынды. Ал екінші шарт ретінде бірінші текті шарт қабылданды. Осындай нақтылық шарттарын қолдана отырып, компьютер көмегімен үлгілердегі әртүрлі уақыт сәттеріндегі

стационарлық емес жағдайда температуралық өрістер кестелер ретінде алынады. Осы кестелерде келтірілген мәндер бойынша үлгілерді әртүрлі шарттар жағдайында қыздыру барысындағы температуралық өрістер графиктер түрінде салынады. Үлгілердегі әртүрлі жағдайларда алынған температуралық өрістер жан жақты сипатталып, өзара салыстырыла отырып талданады. Зерттеу нысаны ретінде алынған монотермитті үлгілердегі дегидратация барысындағы жылуэффектілерін анықтап бағалау мақсатында эталон ретінде алдын ала күйдірілген үлгілер алынды. Өйткені монотермитті үлгілерде алғашқы қыздыру барысында орын алатын фазалық және химиялық түрленулер қайтымсыз болып келеді де, эталон үлгілер бойында олар байқалмайды. Сондықтан эталон үлгілердегі температуралық өрістерді бірдей қыздыру жағдайларында зерттеу нысанында алынған өрістермен салыстыра отырып, жылу эффектілері өтетін температура аймақтарын анықтап, бағалауға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

1. Лыков А.В. Тепломассаобмен. – М.: Наука, 1978.
2. Құлбек М.Қ. Молекулалық физика және термодинамика. – Алматы: «Қарасай» баспасы, 2005. – 248 б.
3. Күрделі тасымалдау үдерістерін кері есептеу тәсілімен зерттеп үлгілердің жылуфизикалық қасиеттерін анықтау. Вестник КазНПУ, Серия физ-мат науки. №4(64). Алматы, 2018. С.99-104.

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының профессоры,
т.ғ.д. Құлбек М.Қ.

УДК 621.1.016.4:662.61
МРНТИ 29.01.45

МОДЕЛЬДІК КЕРАМИКАЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДЕГІ МАССАТАСЫМАЛДАУ ҮДЕРІСТЕРІН ЗЕРТТЕП ОҚЫП ҮЙРЕНУ

Мұхаммедин А., Сауранбекова И., Тоқтасын А.
Абай атындағы ҚазҰПУ, 6В05302-Физика, 4 курс

Табиғатта және техниканың түрлі салаларында тасымалдау үдерістері кеңінен орын алады. Сондықтан да әр түрлі жағдайларда жүретін жылу және массатасымалдау үдерістерін жан-жақты зерттеп оқып үйренудің ғылыми-практикалық мәні өте зор. Дипломдық жобада полифазалық, керамикалық материалдар технологиясында орын алатын массатасымалдау үдерістерін компьютерде модельдеп есептеу тәжірибелерін жүргізу арқылы зерттеп оқып үйрену мәселесі мақсат етіп қойылған. Аталған тақырып бойынша ғылыми жетекшімен бірлесе отырып жасалған жоспар бойынша дипломыдық жоба мынадай үш тарауды қамту қажет. Бірінші тарауда тақырып бойынша жарияланған ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып диффузиялық (массатасымалдау) үдерістері жайындағы негізгі мағлұматтар мен түсініктер беріледі. Атап айтқанда массатасымалдау (үдерістердің) түрлері, олардың жүру жолдары мен механизмдері, сондай-ақ оларды сипаттайтын негізгі заңдар мен теңдеулер беріледі.

Екінші тарауда дипломдық жобада зерттелетін полифазалық, керамикалық үлгілердегі массатасымалдау үдерістерінің математикалық модельдері келтіріліп олардың жалпы шешімдері қарастырылады. Үлгілердегі аталған үдерістерді компьютерде есептеу тәжірибелерін жүргізу арқылы зерттеу барысында математикалық модель ретінде массатасымалдаудың дербес туындылы дифференциальды теңдеу алынды. Бұл теңдеудегі массатасымалдау үшін енгізілген потенциалөткізгіштік коэффициенті ретінде бұрынғы жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде анықталған тәжірибелік мәндері алынды. Компьютерде модельдеу арқылы есептеу тәжірибелерін жүргізу мақсатында массатасымалдау үдерістерін сипаттайтын дифференциальды теңдеудің анық, айырымдық схемасы алгоритм ретінде қолданылды. Полифазалық, керамикалық үлгілердегі массатасымалдау үдерістерін есептеу тәжірибелерін жүргізу мақсатында қажетті нақтылық шарттары тандап алынды. Атап айтқанда, физикалық, геометриялық және шеттік (бастапқы және шекаралық) шарттар тобына қатысты нақты мәндер қабылданып негізге алынды. Физикалық шарт бойынша керамикалық үлгілердегі массатасымалдау үдерісіне қатысты потенциалөткізгіштік коэффициентінің бұрын тәжірибелік жолмен анықталған температураға тәуелді мәндері алынды. Геометриялық шарт бойынша модельдік үлгілердің пішіндері мен үш түрлі өлшемдері тандап

алынды. Ал, шеттік шарттарға кіретін бастапқы шарт бойынша үдеріс басталар алдындағы үлгідегі байланыстағы зат массасын барлық нүктелердегі салыстырмалы мәндері бірдей және ол бірге тең деп алынды. Ал екінші шарт бойынша үлгіні қыздыру барысында оның бетіндегі байланыстағы зат массасының салыстырмалы мәні уақыт бойынша сызықтық заңдылықпен өзгереді деп, яғни бірінші текті шарт қабылданды. Осындай нақтылық шарттарын қолдана отырып, компьютер көмегімен есептеу тәжірибелерін жүргізу барысында үлгі қабаттарындағы әртүрлі уақыт сәттеріндегі стационарлық емес жағдайдағы байланыстағы зат массасының салыстырмалы мәндері кестелер ретінде алынады. Осы кестелерде келтірілген мәндер бойынша үлгілерді әртүрлі шарттар жағдайында қыздыру барысындағы байланыстағы зат массасының өрістері графиктер түрінде салынады. Үлгілердегі әртүрлі жағдайларда алынған байланыстағы зат массасының өрістері жан жақты сипатталып, өзара салыстырыла отырып талданады. Осы аталған зерттеу нәтижелері дипломдық жобаның үшінші тарауында беріледі.

Әдебиеттер:

1. Лыков А.В. Тепломассаобмен. – М.: Наука, 1978.
2. Құлбек М.Қ. Молекулалық физика және термодинамика. – Алматы: «Қарасай» баспасы, 2005. – 248 б.
3. Қылтүтікті қуысты жазық үлгілердегі жану үдерістерін зерттеп оқып-үйренуге арналған компьютерлік физикалық практикумды дайындап жүргізудің ғылыми-әдістемелік негіздері. Вестник КазНПУ, Серия «Молодой ученый», №1(9). Алматы, 2018, С.47-51.
- 2017г., Материалы международной научно-метадической конференции «Мат.моделирование и информационных технологии в образовании и науке»
4. Цилиндрлік үлгідегі жану үдерістерін есептеу тәжірибелері арқылы зерттеу. Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы тенденции инноваций в современной науке и образовании», посвященной 60-летию профессора Т.А.Турмамбекова. 26 – 27 января 2017. С.216 – 220.

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының профессоры,
т.ғ.д. Құлбек М.Қ.

УДК 537.313:519.612.2

КҮРДЕЛІ ЭЛЕКТР ТІЗБЕКТІ ЕСЕПТЕУДІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ

Жаксымуратова Ә.Е., Азым Г.Қ., Дүйсебай Г.Б.
Абай атындағы ҚазҰПУ, 6В05302-Физика, 4 курс

Мәселенің өзектілігі. Күрделі электр тізбектерін есептеу ыждағаттылық пен еңбекті, уақытты қажет ететін үлкен жұмыс. Кез келген күрделі электр тізбектерін есептеудің математикалық жолын қысқартып, уақытты үнемдеу үшін программалаудың көмегімен компьютерлік моделін жасау тиімді болғандықтан, тақырып өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты. Күрделі электр тізбектеріне Кирхгоф заңдарын қолданып құрылған алгебралық теңдеулер жүйесін есептеуге Паскаль программалау тілінде программа құру.

Зерттеудің міндеттері.

- ❖ Күрделі электр тізбектерінің физикалық негіздерін оқып-зерттеу;
- ❖ Күрделі электр тізбектерін шешуге Кирхгоф заңдарын қолданып, теңдеулер жүйесін құрастыру;
- ❖ Алгебралық теңдеулер жүйесін есептеудің тиімді математикалық жолдарын іздеу, зерттеу;
- ❖ Есептеулерді программалаудың көмегімен компьютерлік моделін жасау;
- ❖ Паскаль программалау тілінде программа құру және нәтижесін PascalABC программасында алу.

❖ Есептің нәтижесін аналитикалық шешімнің мәндерімен салыстыру.

Зерттеу нысаны: Күрделі электр тізбектерін есептеуді программалау.

Зерттеу пәні: Күрделі электр тізбектерін Кирхгоф заңдарын қолданып, Паскаль программалау тілінің көмегімен зерттеу.

Зерттеу жаңалығы. Кирхгоф заңының көмегімен токтарды есептеуге арналған теңдеулерді құрудың тиімді жолдарын анықтау. Күрделі электр тізбегін оңай әрі тиімді есептеуге арналған Паскаль тілінде оңтайлы, уақыт бойынша үнемді, жаңа программа құру.

Қысқаша теория. Күрделі тармақталған электр тізбектерін есептеу үшін *электр тармақтары* мен *түйіндер саны* айтарлықтай мағынаға ие. *Тармақ* деп тізіле жалғанған ЭҚК пен қабылдағыштан тұратын электр тізбегінің бөлігін айтады. *Түйін* деп үш немесе одан да көп тармақтардың жалғанған нүктесін немесе орнын айтады. Түйінге жалғанған тармақтар бойынша айналсақ, онда *электр тізбегінің тұйықталған контурын* алуға болады. Барлық электр тізбектері *Кирхгофтың екі заңына* бағынады. *Кирхгофтың бірінші заңының* екі тұжырымдамасы бар:

- 1) Түйінде жинақталған токтардың алгебралық қосындысы нөлге тең;

2) Түйінге келетін токтардың қосындысы түйіннен шығатын токтардың қосындысына тең

$$\sum_{k=1}^n I_k = 0. \quad (1)$$

Бұл заңның физикалық мағынасы: электр тізбегіндегі зарядтардың қозғалысы түйіндерде немесе тармақ бөліктерінің бірінде де жинақталмайтындай болып өтеді, керісінше жағдайда түйіндер потенциалы мен тармақтағы токтар өзгерер еді.

Кирхгофтың екінші заңы: кез келген тұйықталған контурдағы элементтерге түсірілген кернеулерлердің алгебралық қосындысы осы контурдың бойындағы ЭҚК – нің алгебралық қосындысына тең

$$\sum_{k=1}^m I_k R_k = \sum_{k=1}^n E_k, \quad (2)$$

мұндағы m – контурдағы резисторлық элементтердің саны, n – ЭҚК саны. Түсірілген кернеу мен ЭҚК бағыты контур айналымының бағытына сәйкес келсе, онда олар қосындыға « + » таңбамен кіреді. Кирхгоф заңы схема тармақтарындағы токтарды анықтау үшін қолданылады. Схема тармақтарының санын – b , түйіндер санын – y , ток көздері бар тармақ санын – $b_{\text{ток көзі}}$ деп белгілейік. Әрбір тармақта өзінің тоғы ағады.

Кирхгоф заңдарымен теңдеулерді құру үшін мына ережелерді ұстану қажет:

- 1) тармақтардағы токтардың оң бағытын еркімізше таңдаймыз;
- 2) Кирхгофтың II–заңы бойынша теңдеулер құру үшін контур айналымының оң бағытын таңдаймыз (барлық контур бағыттарын сағат тілінің бағытымен таңдаған дұрыс). Сызықты тәуелсіз теңдеулерді алу үшін Кирхгофтың I–заңына сәйкес $(y - 1)$ теңдеу, ал II–заңы бойынша – жетіспейтін $(b - b_{\text{ток көзі}}) - (y - 1)$ теңдеулер құру қажет; Кирхгофтың II–заңы бойынша теңдеулер құрған кезде ток көзі бар тармақты ескермей, әйтсе де схеманың барлық тармақтарын қамту қажет. *Осы кезде әрбір контурға алдыңғы контурға кірмей қалған бір тармағы кіру қажет.* Мұндай контурлар *тәуелсіз* деп аталады. Бұл шарт – токтарды бір мәнді анықтауға арналған қажетті және жеткілікті шарт болып табылады [1].


Есеп 2.10.5. Тармақталған тізбек. Суретте көрсетілген тізбекте $\varepsilon_1 = 2,015 \text{ В}$, $r_1 = 0,013 \text{ Ом}$, $\varepsilon_2 = 2 \text{ В}$, $r_2 = 0,017 \text{ Ом}$, $\varepsilon_3 = 2,031 \text{ В}$, $r_3 = 0,021 \text{ Ом}$, $R = 5,37 \text{ Ом}$. Барлық токтарды және клеммалардағы потенциалдар айырымын табыңыздар [2].

Берілгені:

$$\begin{aligned} \varepsilon_1 &= 2,015 \text{ В}, & r_1 &= 0,013 \text{ Ом}, \\ \varepsilon_2 &= 2 \text{ В}, & r_2 &= 0,017 \text{ Ом}, \\ \varepsilon_3 &= 2,031 \text{ В}, & r_3 &= 0,021 \text{ Ом}, \\ R &= 5,37 \text{ Ом}. \end{aligned}$$

Табу керек:

$$i_1 - ? \quad i_2 - ? \quad i_3 - ? \quad U_{ab} - ?$$



Барлық токтардың бағытын еркімізше жоғары қарай бағыттап, Кирхгофтың I – заңы бойынша төмендегі теңдікті аламыз:

$$i_1 + i_2 + i = 0. \quad (3)$$

$(\varepsilon_1, \varepsilon_2, R)$ және $(\varepsilon_1, \varepsilon_3)$ екі контурды таңдап, оларды сағат тілінің бағытымен айналым жасап, Кирхгофтың I – заңы бойынша төмендегі теңдіктерді аламыз:

$$i_1 r_1 - i_2 r_2 - i_2 R = \varepsilon_1 - \varepsilon_2, \quad (4)$$

$$i_1 r_1 - i_3 r_3 = \varepsilon_1 - \varepsilon_3. \quad (5)$$

(3), (4), (5) теңдеулер үш белгісізі бар үш жүйесіне келеді:

$$\begin{cases} i_1 + i_2 + i = 0 \\ i_1 r_1 - i_2 r_2 - i_2 R = \varepsilon_1 - \varepsilon_2 \\ i_1 r_1 - i_3 r_3 = \varepsilon_1 - \varepsilon_3 \end{cases} \quad (6)$$

Есептің берілгендегі сан мәндерін (6)-теңдеуге қоямыз, сонда

$$\begin{cases} 1 \cdot i_1 + 1 \cdot i_2 + 1 \cdot i_3 = 0; \\ 0,013 \cdot i_1 - 5,387 \cdot i_2 + 0 \cdot i_3 = 0,015; \\ 0,013 \cdot i_1 + 0 \cdot i_2 - 0,021 \cdot i_3 = -0,016; \end{cases}$$

Паскаль тілінде программалау. Ол үшін сызықты теңдеулер жүйесіндегі коэффициенттерге белгілеу енгізейік:

$$\begin{aligned} a_{11}x + a_{12}y + a_{13}z &= b_1; & a_{11} &\equiv A1 & a_{12} &\equiv A2 & a_{13} &\equiv A3 & b_1 &\equiv A \\ a_{21}x + a_{22}y + a_{23}z &= b_2; & a_{21} &\equiv B1 & a_{22} &\equiv B2 & a_{23} &\equiv B3 & b_2 &\equiv B \\ a_{31}x + a_{32}y + a_{33}z &= b_3 & a_{31} &\equiv C1 & a_{32} &\equiv C2 & a_{33} &\equiv C3 & b_3 &\equiv C \end{aligned}$$


```
program turaktytok;
const A1=1;A2=1;A3=1;A=0;
      B1=0.013;B2=-5.387;B3=0;B=0.015;
      C1=0.013;C2=0;C3=-0.021;C=-0.016;
var D1,D2,D3,D:real;
     i1,i2,i3,U:real;
begin
writeln('Курдели тизбекте есептеу');
D:=A1*B2*C3+A2*B3*C1+A3*B1*C2-A3*B2*C1-A1*B3*C2-A2*B1*C3;
D1:=A*B2*C3+A2*B3*C+A3*B*C2-A3*B2*C-A*B3*C2-A2*B*C3;
D2:=A1*B*C3+A*B3*C1+A3*B1*C-A3*B*C1-A1*B3*C-A*B1*C3;
D3:=A1*B2*C+A2*B*C1+A*B1*C2-A*B2*C1-A1*B*C2-A2*B1*C;
if D<>0 then
  begin
i1:=D1/D; i2:=D2/D; i3:=D3/D;
writeln('i1=',i1:6:3,' ','i2=',i2:6:3,' ','i3=',i3:6:3);
  end
else
  writeln('жүйенин шешими жок');
end.
```

Қорытынды. Осы программа арқылы күрделі электр тізбектеріндегі токтың мәндерін есептеуге болады. Күрделі электр тізбектерін есептеудің жолын қысқартып, уақытты үнемдеу үшін программалаудың көмегімен компьютерлік моделін жасап, ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдануды үйрендік. Есептеу PascalABC.NET программасында жүзеге асырылды [3].

Әдебиеттер:

1. Мұқашев Қ.М., Рыстығұлова В.Б. Электр тізбектері және электр техникасы, Алматы, 2011. – 210 б.
2. Бурсиан Э.В. Задачи по физике для компьютера. Учеб. пособие для физ. -мат. фак. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1991. – 256 с.
3. PascalABC.NET <http://pascalabc.net/ssyilki-dlya-skachivaniya>

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының қауым. профессоры,
ф.-м.ғ.к. Рыстығұлова В.Б.

УДК 537.633.9

ГЕЛЬМГОЛЬЦ КАТУШКАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЭЛЕКТРОННЫҢ МЕНШІКТІ ЗАРЯДЫН АНЫҚТАУ

Жұмағұл С., Исматуллаева М.Д., Амиралі Р.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ, 6В05302-Физика, 4 курс

Мәселенің өзектілігі. Электр және магнит өрістеріндегі зарядталған бөлшектердің қозғалысы оның траекториясы мен қозғалыс жылдамдығын, оның меншікті зарядын анықтауға мүмкіндік береді. Элементар бөлшектердің зарядын анықтау үшін қолданылатын әдістердің көпшілігі олардың электр және магнит өрістеріндегі қозғалыс траекториясының бөлшектің зарядының оның массасына қатынасының шамасына тәуелділігіне негізделген. Электрон үшін бұл қатынас e/m **электронның меншікті заряды** деп аталады. Гельмгольц катушкасы арқылы электронның қозғалысы мен меншікті зарядын анықтау – бөлшектің өрістер бойынша қозғалысын сипаттайды.

Зерттеудің мақсаты. «Электр және магнит өрістеріндегі зарядталған бөлшектердің қозғалыс заңдылықтарын оқып-зерттеу және электронның меншікті зарядын анықтау» атты әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері. Электр және магнит өрістеріндегі зарядталған бөлшектердің физикалық негіздерін оқып-зерттеу; Гельмгольц катушкасының көмегімен үдеткіш кернеудің белгілі мәндерінде және ток күшінің белгілі мәндерінде өлшеулер жүргізу арқылы электронның меншікті зарядын анықтау; Гельмгольц катушкасы арқылы жүрген электронның қозғалысын компьютерлік моделдеу;

Зерттеу нысаны. Зарядталған бөлшектер.

Зерттеу пәні. Зарядталған бөлшектердің қозғалысын Гельмгольц катушкасы арқылы зерттеу.

Зерттеу жаңалығы. Электронның меншікті зарядын РНУВЕ өндірушісі дайындаған лабораториялық құрылғыда анықтау. Электрондар электр өрісінде үдетіледі және магнит өрісінде қозғалыс бағытына тік бұрышпен енеді. Электронның меншікті заряды үдеткіш кернеу, магнит өрісінің кернеулігі және электрон орбитасының радиусы арқылы анықталады.


Эксперименттік қондырғы. Бұл электрондардың траекториясын көзбен байқауға және дөңгелек орбиталардың радиусын тікелей өлшеуге мүмкіндік беретін зертханалық қондырғы. (1-сурет) [2].

Экспериментті жүргізудің әдістемесі. Электронның меншікті заряды - электронның зарядының оның массасына қатынасына тең физикалық шама - e / m . Ол мына формуламен анықталады:

$$\frac{e}{m_e} = k \frac{2U}{I^2 r^2}, \quad (1)$$

мұндағы k мынадай өрнекпен белгіленген: $k = R^2 / (0,715\mu_0)^2 N^2$. Берілген формулаға $\mu_0 = 12,56 \cdot 10^{-7} \text{В}\cdot\text{с}/(\text{А}\cdot\text{м})$ тұрақтысының мәнін және осы қондырғыдағы Гельмгольц катушкалары параметрлерінің $N = 154$ және $R = 0,2 \text{ м}$ мәндерін қойып, эксперименттік мәндерді есептеу үшін соңғы өрнекті аламыз:

$$\frac{e}{m_e} = 2,091 \cdot 10^6 \cdot \frac{2U}{I^2 r^2}. \quad (2)$$




Сурет 1. Электрондардың траекториясын көзбен байқауға және дөңгелек орбиталардың радиусын тікелей өлшеуге мүмкіндік беретін зертханалық қондырғы: 1 – Гельмгольц катушкасы; 2 - электронды-сәулелік түтікшенің қоректендіру көзі; 3 – электронды-сәулелік түтік; 4 – Гельмгольц катушкаларын қоректендіру көзі; 5 – мультиметрлер


Эксперименттік мәндерді (2)-формулаға қойып есептеп, нәтижелерінен электронның меншікті зарядының келесідей орташа мәні алынды:

$$\frac{e}{m_e} = (1,84 \pm 0,02) \cdot 10^{11} \frac{\text{Кл}}{\text{кг}}. \quad (3)$$

Электронның меншікті зарядын анықтап, оны кестедегі кестелік мәнімен салыстырады.



Гельмгольц катушкаларын жалғау схемасы



б) жіңішке сәулелі түтікті жалғау схемасы

Сурет 2. Гельмгольц катушкалары мен электронды-сәулелік түтікті қоректендіру көздеріне жалғау схемасы

Қорытынды. PHYWE өндірушісі шығарған лабораториялық құрылғыда электронның меншікті зарядын анықталды. Эксперимент нәтижесінде алынған электронның меншікті зарядының мәні (3)-формула аналитикалық тұрғыдан шығарылған мәнмен салыстырылды. Электронның меншікті зарядының мәні кез келген ядро зарядын анықтау үшін қажет. Оны белгісіз ядроның трек сызықтарындағы қисықтық радиусын біле отырып табуға болады.

Әдебиеттер:

1. Определение удельного заряда электрона методом магнитной фокусировки электронного пучка: Метод. указания к лаб. работе 2-15/ Сост. Н.М. Рогачев, В.А. Гусев. – Самара: Изд-во Самар, гос. аэро-косм. ун-та, 2012. – 16 с.
2. Удельный заряд электрона – e/m.
https://www.phywe.com/ru/eksperimenty-i-nabory/universitet/e-m_9857_10788/

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының қауым. профессоры,
ф.-м.ғ.к. Рыстыгулова В.Б.

УДК 539.184:535.421

ЕКІ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕНІҢ АТОМДЫҚ СПЕКТРЛЕРІН ОҚЫП-ЗЕРТТЕУ

Қараней Д.Т., Исембай Б.М., Жанғазы Т.Н.

Абай атындағы ҚазҰПУ, 6В05302-Физика, 4 курс

Кіріспе. Екі немесе бірнеше сыртқы электрондары бар атомдар үшін спектрлер одан да күрделене түседі, бұл электрондардың өзара әрекеттесуіне байланысты. Осы өзара әрекеттесу нәтижесінде көптеген атомдардың әрбір спектрлік сызығы – мультиплет (тығыз орналасқан сызықтар тобы) болып табылады. Атом спектрлерінде барлық мүмкін болатын кванттық ауысулар көріне бермейді, тек іріктеу ережелерімен рұқсат етілген спектрлерді көре аламыз. Спектрдегі сызықтардың жиілігі мен қарқындылығын өлшеуге негізделген әдістер спектроскопияның әртүрлі мәселелерін: көп электронды атомдар спектрлерінің жалпы систематикасын жүргізу; мұндай атомдардың энергия деңгейлерін анықтау және т. б. шешу үшін қолданылады. Атом спектрлерінің ерекшелігін заттың элементтік құрамын – сапалы анықтау үшін, ал сызықтар қарқындылығының сәуле шығаратын атомдардың концентрациясына тәуелділігін – сандық талдау үшін қолданылады. Сондықтан, атом спектрлерін зерттеу атомның құрылымы туралы идеяларды дамытуда маңызды рөл атқарды.

Мәселенің өзектілігі. Екі электронды жүйелер деп екі валентті электроны бар көп электронды атомдарды атайды. Егер зат жеке атомдардан немесе сиретілген біратомды булардан тұрса, онда оның спектрі **жеке сызықтардан** тұрады. Атомдық-сызықтық спектрлерді алу үшін төмен қысымда біратомды газ немесе буы бар шамдар қолданылады. Көп электронды атом заряды $+Ze$ ядродан және оны қоршаған Z электрондардан тұратын (гелий үшін $Z=2$, сынап үшін $Z=80$) электронды қабықтардан тұрады [1]. Спектрлік сызықтардың көп болуы атомның ішкі құрылысының күрделі екендігін білдіреді, ал екі электронды жүйенің атомдық спектрлерін зерттеу атомның ішкі құрылымын ұғынуға көмектеседі. Сондықтан, атомдық спектрлерді зерттеу өзекті мәселе болып табылады.


Зерттеудің мақсаты. «Екі электронды жүйенің атомдық спектрлерін оқып-зерттеу» атты әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері. Екі электронды жүйенің физикалық негіздерін оқып-зерттеу; Атомдардың электронды конфигурациясын құрастыруды үйрену; Гелий мен сынаптың атомдық спектрлерінің толқын ұзындықтарын дифракциялық тордың көмегімен есептеу; Гелий мен сынаптың спектрлік диаграммалары бойынша деңгейлердің мультиплетті тармақталуын есептеу;

Зерттеудің жаңалығы. Гелий мен сынаптың атомдық спектрлерін РНУWE өндірушісі дайындаған лабораториялық құрылғыда зерттеу.

Дифракциялық тор мен шамның және спектрлік сызықтардың геометриялық орындары бойынша спектрлік сызықтардың толқын ұзындығы анықталады.

Эксперименттік қондырғы. Эксперимент РНУВЕ өндірушісі шығарған атомдық спектрлердің толқын ұзындығын анықтауға арналған зертханалық қондырғыда жүргізіледі (1-сурет) [2].




Сурет 1. Гелий және сынап атомдарының спектрлерін оқып-зерттеуге арналған зертханалық жұмыста қолданылатын қондырғы: 1 – екі ауыспалы шамдар, 2 – штатив, 3 - жоғары кернеу көзі, 4 – жоғары вольтты сымдар, 5 – қорғаныш қап, 6 – дифракциялық тор, 7 – ағаш сызғыш, 8-белгілер (сызғыштағы қызғылт-сары жалауша)

Экспериментті жүргізудің әдістемесі. S монохроматты жарық көзі периоды d дифракциялық тордан L ара қашықтықта орналассын (2-сурет). Егер Фраунгофер дифракциясының шарттары мен кеңістік пен уақыттың когеренттілік шарттары орындалса, онда дифракциялық тордың артында **дифракциялық бейне** байқалады.

Айталық, дифракциялық тор түсетін жарық шоғының бағытына перпендикуляр орнатылған делік. Онда m ретті максимум байқалатын φ_m бұрыш келесі қатынаспен анықталады:

$$d \sin \varphi_m = \pm m \lambda, \quad (1)$$

мұндағы λ – түсетін жарықтың толқын ұзындығы (белгілі бір спектрлік сызықтарға сәйкес келетін монохроматты сәулеленуді қарастырамыз) [1].



Сурет 2. Дифракциялық тордағы дифракция кезіндегі сәулелердің жолы

Гелий мен сынап атомдарының спектрлік сызықтарының толқын ұзындығын мына формуламен есептейміз:

$$\lambda = \frac{d(x_1 - x_{-1})}{\sqrt{4L^2 + (x_1 - x_{-1})^2}}, \quad (2)$$

мұндағы x_1 және x_{-1} – таңдалған спектрлік сызықтың бірінші дифракциялық максимумдарының сәйкесінше шамның оң және сол жағындағы координаттары. $L = 50 \text{ см}$ – дифракциялық тор мен шамның арасындағы арақашықтық.

Дифракциялық тордың периоды $d = \frac{\text{мм}}{600} \pm 5\%$.

Әр түрлі деңгейлердің энергиялары әр түрлі болады. Мұндай күйлердің максимал және минимал энергиялары арасындағы айырым деңгейдің **мультиплетті тармақталуы** немесе **жәй деңгейдің тармақталуы** деп аталады және оны мына формуламен есептеуге болады:

$$\Delta E = E_{\max} - E_{\min} = h \frac{c}{\lambda_{\min}} - h \frac{c}{\lambda_{\max}}, \quad (3)$$

мұндағы $h = 4,14 \cdot 10^{-15} \text{ эВ} \cdot \text{с}$ - Планк тұрақтысы, $c = 3 \cdot 10^8 \text{ м/с}$ - жарық жылдамдығы, λ_{\max} , λ_{\min} – деңгей тармақталған кездегі спектрлік сызықтардың максимум және минимум толқын ұзындықтары.

Қорытынды. РНУWE өндірушісі шығарған атомдық спектрлердің толқын ұзындығын анықтауға арналған зертханалық қондырғыда гелий және сынап атомдарының қызыл, қызғылт-сары, жасыл, күлгін спектрлерінің толқын ұзындықтары есептелді. Жұмыста гелий мен сынаптың спектрлік

диаграммалары бойынша деңгейлердің мультиплетті тармақталуы (3)-формуламен есептелген.

Әдебиеттер:

1. Лабораторный практикум курса общей физики. Раздел «Спектры атомов и молекул»: Учебное пособие / Под ред. В.В. Суркова. М.: НИЯУ МИФИ, 2012. – 112 с.

2. Атомные спектры двуэлектронных систем: He, Hg.
https://www.phywe.com/ru/fizika/sovremennaya-fizika/atomnaya-i-molekulyarnaya-fizika/he-hg_17543_19546/

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының қауым. профессоры,
ф.-м.ғ.к. Рыстыгулова В.Б.

УДК

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨМІР КЕНІШТЕРІНЕН АЛЫНҒАН КӨМІР, КӨМІР КҮЛІНІҢ ЭЛЕМЕНТТІК ҚҰРАМЫН АНАЛИТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН АНЫҚТАУ

¹Шынгысова Ш., ²Досымбек А.

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, 8D05302-Физика, 1 курс

²Абай атындағы ҚазҰПУ, 7M05302-Физика, 2 курс


Бұрын көмір және көмірдің құрамындағы С, Н, О, N, S, Si, Fe, Al, K, Ca, Mg секілді элементтерді химиялық зерттеу жолымен анықтап келді. Ал көмірдегі микро элементтің құрамы –0.1% не одан да төмен болса онда оны химиялық жолмен зерттеу қиын болар еді. Сондықтан бұл қиындықты шешу жолы ол көмірдің элементтік құрамын ядролық физиканың әдісі болып табылатын рентген флуоресценция әдісімен зерттеу кең қолданысқа ие болуда. Бұндай зерттеу жұмыстары Еуропаның Германия, Чехия және Польша секілді елдерінде кең түрде қамтылып жүрілуде. Көмірге аса бай Қазақстандағы көмір кеніштерінде қолмен алып жүруге қолайлы портативті Рентген флуоресценциялық спектрометр құралдарын орналастыру арқылы [3] көмір қабаттарындағы көмірдің сапасын тексеріп отыру, оған сапалық баға беру бүгінгі күннің талабы болады. Бұл қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтау тұрғысынан алып қарағанда да аса маңызды іс болмақ [1].

Көмірдің күлі – көмірді жаққан кезде пайда болатын, көмірдің құрамындағы жанбайтын минералдық заттар. Көмір құрамындағы минералдық заттар қаншама көп болса, көмірдің күлділігі де соншама көп болады. Көмірдің күлі негізінде силикат, алюминий, темір, кальций, магнезий, титан, сондай-ақ, калий секілді элементтердің қоспаларынан тұрады. Көмірдегі күлдің құрамын ядролық физика әдістерімен зерттеу жұмыстары соңғы 20 жылда үлкен қарқынмен жүріп, бұл салада көптеген зерттеуші ғалымдардың зерттеу еңбектері жарыққа шықты [2] және бұған жаңа зерттеу техникалары мен әдістері енгізілді.


Көмір мен көмір күлінің құрамындағы элементтерді аналитикалық РФЗ әдісімен анықтау әдістемесі:

Көмір мен көмір күлінің құрамындағы элементтерді РФЗ әдісімен анықтау жұмысын жүргізгенде нысан ретінде *Шұбаркөл* көмір кеніші үлгісі алынды. Таблетка түрінде дайындалған көмірдің үлгілерінің элементтік құрамын анықтау жұмысы Алматы қаласындағы ҚР ҒМ Ядролық физика институтының Ядролық физиканың талдау әдістері зертханасындағы *«РЛП-21 жартылай өткізгішті детекторы бар рентген-флуоресцентті энергетикалық дисперсиялық құрылғы»*-нда жүргізілді.

Алдымен көмір арнайы құрылғыда ұнтақталып, дайындалды. Алынған үлгілер қалыпқа салынып, келесідегідей нәтижелер көрсетті (Сурет 1, 2).



Сурет 1. UG-1 сынамасының ұнтақталған үлгісінің РФЗ әдістері бойынша химиялық элементтерін анықтаған көрсеткіштері



Сурет 2. UG-1 сынамасының күлінен (зола) РФЗ әдістері бойынша химиялық элементтерін анықтаған көрсеткіштері

Бұл зерттеулерде *жартылай өткізгішті детекторы бар рентген-флуоресцентті энергетикалық дисперсиялық құрылғыны* пайдалану арқылы көмірдегі Sr, Ag, Se, Fe, Nb, Ni, K, Th, Cu секілді 31 элементтің 100 ден астам гамма шоғырын спектрден көруге болады. Бірақта бұл әдістің ең бір ыңғайсыздығы ол зерттеу аспап-құралының тау жыныстарын зерттеуге арналған құрал болғандықтан, ол көптеген элементтерді көрсете алмады.

Көмірге карағанда көмір күлінің құрамындағы элементтерді нақтырақ көрсетіп берді (Кесте 1).

Кесте 1

Стандарт ретінде алынған көмірдің UG-1 сынамасының ұнтақталған үлгісінің және UG-1 сынамасының күлінен (зола) РФЗ әдістері бойынша химиялық элементтерін анықтаған көрсеткіштер (Толықтырушы Z=1.19)

Элемент	Көмір көрсеткіші	Көмір күлінің көрсеткіші
Fe	0.1731±0.00049%	3.12±0.003%
Zn	0.00222±0.000041%	0.1210±0.00023%
Ag	0.9±0.01 г/т	0.6±0.2 г/т
Th	0.2±0.02 г/т	10.5±0.6 г/т
K	0.30±0.023%	0.59±0.022%
V	<0.0001±0.00092%	0.012±0.0029%
Mn	<0.01±0.00026%	0.066±0.0006%
Ni	<0.0001±0.00011%	0.0256±0.00022%
As	<0.0001±0.00011%	0.0087±0.00011%
Br	0.00119±0.000029%	0.1128±0.00013%
Sr	0.00294±0.000012%	0.06935±0.000071%
Zr	0.00%	0.01978±0.000043%
Mo	<0.0001%	0.00132±0.000018%
BaSO ₄	0.02±0.001%	0.0309±0.0033%
Bi	<0.0001±0.000035%	0.0003±0.00015%
Cu	0.00211±0.000065%	0.0296±0.00017%
Pb	<0.0001±0.000042%	0.0412±0.00014%
Cd	2.1±0.02 г/т	101.1±0.03 г/т
U	1.0±0.02 г/т	6.8±0.4 г/т
CaO	0.435±0.0139%	14.48±0.033%
Ti	0.029±0.0025%	0.679±0.0056%
Cr	0.0010±0.00049%	0.0140±0.00083%
Co	0.0007±0.00018%	0.0083±0.00074%
Ga	<0.0001±0.000027%	0.00175±0.000075%
Se	<0.0001±0.000018%	0.00026±0.000032%
Rb	<0.0001%	0.00182±0.0001%
Y	0.00%	0.01634±0.000036%
Nb	<0.0001%	0.00132±0.000017%
Pd	<0.1 г/т	0.1±0.1 г/т
W	<0.0001±0.00011%	<0.0001±0.00039%

Кестеде көрсеткіштерді салыстырып қарайтын болсақ көмір сынамаларындағы темірдің мөлшері $Fe = 0.1731 \pm 0.00049\%$ аралығында болса, ал көмір күлінің құрамындағы темірдің мөлшері $Fe = 3.12 \pm 0.003\%$ аралығында, яғни, абсолюттік айырмашылығын $Fe_1 = \text{summa}(Fe(UG-1) - Fe(\text{Зола}))/N$ көруге болады, яғни $Fe_1 = 2.9469 \pm 0.00251\%$ шамасында екенін көреміз.

Бұл зерттеуде «РЛП-21 жартылай өткізгішті детекторы бар рентген-флуоресцентті энергетикалық дисперсиялық құрылғы»-мен көмір мен көмір күліндегі микроэлементтердің мөлшерін қалай анықтауға болатындығын

көрсеттік. Біздің тәжірибе бойынша шығарған нәтижелеріміз арқылы көмір мен көмір күлінің микроэлементтерінің мөлшерінің айырмашылығын жоғарыда келтірілген кестеде көрсеттік. Бұл құрылғыда көмір үлгісінен гөрі көмір күлінің құрамын анық, әрі нақты көрсететінін байқадық.

Әдебиеттер:

1. Vaimolda D. Application of the XRF analysis in Coal Industry, Prague, 1996. – 77 с.

2. Баймолда Д. Рентген флуоресценциялық зерттеу әдісін көмір өндірісінде қолдану. Монографиялық еңбек. Павлодар, 2010. – 205 б.

3. Баймолда Д. Көмірдің химиялық құрамын зерттеуде аналитикалық әдістерді қолдану. Хабаршы-Вестник. Абай атындағы ҚазҰПУ. №2(58), 2017. – Б.1-3.

Ғылыми жетекшісі:

«Физика» кафедрасының қауым. профессоры,
Физика ғылымының PhD докторы Д. Баймолда

МРНТИ 29.15.33
УДК 539.1.09

ЖҰЛДЫЗДЫ ЗАТТЫҢ НЕЙТРОНИЗАЦИЯЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Болатбаев Е.Б.

** Абай ат. КазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, 7М05302-Физика ҒБ
2 курс магистранты*

Жұлдыздар түзілетін зат негізінен гелий қоспасы бар сутектен және ауыр химиялық элементтердің аз қоспасынан тұрады және жұлдыздардың пайда болу процесін анықтайды [1-3]. Жұлдыздардың пайда болуы - бұл ғарыштағы газ-шаң кешендерінен жұлдыздардың пайда болу процесі.

Жұлдыздардың пайда болуы гравитациялық күштердің әсерінен кеңейтілген суық газ бұлттарының бөлшектенуінен басталады. Сонымен қатар, белгілі бір шарттар орындалуы керек – егер фрагменттің массасы белгілі бір критикалық мәннен асып кетсе, фрагментация мүмкін болады (Джинстік масса)

$$M_{Дж} = \left(\frac{k}{Gm_r m_H}\right)^{3/2} T^{3/2} p^{-1/2} \quad (1)$$

мұнда T және p – газдың температурасы және тығыздығы, m_H – сутегінің атомының массасы [2-3].

Осындай массасы бар фрагмент үшін энергияның едәуір мөлшерін алып жүретін субмиллиметрлік және ұзын толқынды ИҚ-диапазонындағы шаң сәулеленуі газды суық ұстайды. Газдың қысылуы изотермиялық дерлік жүреді. (1) өрнегінен бұл жағдайда тығыздықтың өсуімен $M_{Дж}$ мәні азаятынын және белгілі бір уақытта бұлттың тығыз бөлігі қайтадан осы сатыдағы $M_{Дж}$ шамасына жақын массасы бар жеке гравитациялық байланысқан фрагменттерге бөлінуі мүмкін екенін көруге болады [2-3].

Газ бұлтының пайда болған фрагменттерінің әрқайсысы өзінің ауырлық күшінің әсерінен қайтадан кішірейеді, ал $M_{Дж}$ шамасы оның массасынан әлдеқайда аз болғанда, ол өз кезегінде бірнеше ұсақ фрагменттерге бөлінеді. Бұл процесс каскадты фрагментация деп аталады. Фрагменттердің соңғы сериясы протожұлдыздар болып табылады - ауырлық күші ішкі қысыммен теңестірілетін газдың мөлдір емес массалары. Газ мөлдірлік күйіне жеткенде, фрагменттердің массасы өте нақты мәнге ие, ол тек іргелі тұрақтылар арқылы көрінеді - жарық жылдамдығы, гравитациялық тұрақты, Планк тұрақтысы, заряд және электронның массасы. Бұл шама қазіргі жұлдыздардың пайда болу теориясының маңызды нәтижелерінің бірі [1-3].


Қалыптасқан жұлдыз алдымен көп мөлшерде энергия шығарады. Бұл кезеңде ол Герцшпрунг-Рассел диаграммасының жоғарғы оң жағында орналасқан, яғни қызыл алыптар мен супергиганттар саласында. Жарқыл көзі сығылған кезде бөлінетін гравитациялық энергия болып табылады. Қысылған сайын беткі

температура жоғарылайды ал толық жарықтылық төмендейді. Нәтижесінде протожұлдыздар Герцшпрунг-Рассел диаграммасында солға және төменге, негізгі тізбекке қарай жылжиды. Бұл сәт протожұлдыздардың жұлдызға айналуын білдіреді [2]. Галактикада бірнеше жұлдызды популяциялардың болуын теория жұлдыздардың үздіксіз туылуымен түсіндіреді. Жұлдызды популяциялар мен жұлдыздардың жасы олардың химиялық құрамымен тығыз байланысты [1, 2].

Жұлдыздар эволюциясы тұрғысынан нейтронизациялау процесі - бұл жұлдыздар заттарының нейтрондық күйге ауысу процесі және бұл жұлдыздар эволюциясының соңғы кезеңдері. Өзінің термоядролық эволюциясын бастаған жұлдызда жұлдызды заттың 1 нейтроны шамамен 6 протонды құрайды [1, 3].

Жұлдыздар эволюциясының соңғы кезеңдерінде заттың тығыздығы едәуір артып, электронды газ деградацияға ұшырайды. Кері бета-ыдырау деп аталатын процестер жүре бастайды [1], олардың көмегімен протондар атом ядроларының ішінде нейтрондарға айналады. Нейтрино сәулеленуімен бірге жүретін атом ядроларының электрондарды бірнеше рет қармау процесі нейтронизация деп аталады [3].

Атомдық ядролардың (A, Z) электрондарды қармау реакциясы келесідей:



Реакцияның энергетикалық шегі (2) әдетте үлкен, сондықтан жұлдыздар эволюциясының соңғы сатыларына тән заттың жоғары тығыздығында ғана электрондардың Ферми энергиясы критикалық шамадан асып кетуі мүмкін ε_c – нейтронизация шегі:

$$\varepsilon_F > \varepsilon_c = Q_{A,Z} - Q_{A,Z-1} + Q_n \quad (3)$$

мұндағы, ε_F - электронның тыныштық энергиясын есептемегендегі Ферми энергиясы, $Q_{A,Z}$ - ядроның байланыс энергиясы, $Q_n = (m_n - m_p - m_e) \cdot c^2 = 0.7825$ МэВ - нейтронның бета ыдырау энергиясы. (3) реакциясы шартымен $\varepsilon_c < \varepsilon_e < \varepsilon_F$ интервалында ε_e энергиясы бар электрондар кіретін (2) реакция энергетикалық тұрғыдан тиімді болып табылады. Нейтронизация өнімі - радиоактивті ядролар, олар деградацияланған затта тұрақты, өйткені олардың ыдырауына Паули принципі тыйым салады: энергиясы ε_F -тен төмен барлық деңгейлер бос емес, ал бета-ыдырауындағы электрондардың энергиясы ε_c – дан аспайды.

Қорытындылай келе, нейтрондық жұлдыздар жұлдыздар эволюциясының мүмкін болатын аяқталуларының бірін білдіреді және ауыр атом ядролары мен электрондардың жұқа қабығымен қоршалған нейтрондық ядродан тұрады. Бұл ғарыштық денелердің массасын күннің массасымен салыстыруға болады, ал радиусы бірнеше ондаған шақырымды құрайды.

Әдебиеттер:

1. [Насирова Д.М., и др. монография «Проблемы ядерной астрофизики \(состояние вещества в экстремальных условиях\)», КазНУ, 2015. – 140 с.;](#)
2. Шкловский И.С., Звезды. Их рождение, жизнь и смерть, 3 изд., М., 1984;

3. www.astronet.ru

УДК 681.3.

КОМПЬЮТЕРНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ФАЗОВЫХ ПЕРЕХОДОВ В ПОЛИТЕТРАФТОРЭТИЛЕНЕ

К.Б. Тлебаев, А.Б. Сапарғалиева, М.К. Шияпов

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Как известно, фазовый переход происходит скачкообразно и сопровождается изменением ряда показателей материала, в частности, изменением удельного объема (плотности) и внутренней энергии системы. Поэтому для понимания многих технологических процессов переработки полимеров и физико-химических процессов, происходящих при эксплуатации полимерных изделий, необходимо изучение фазовых состояний полимеров. В настоящее время одним из эффективных методов изучения физики полимеров наряду с другими методами является компьютерное моделирование.

Целью данной работы явилось определение и выяснение механизма возникновения фазовых переходов в Политетрафторэтилене (ПТФЭ) на основе измерения теплопроводности в интервале температур 80-330 К и компьютерного моделирования.

В качестве исследуемого материала был использован ПТФЭ марки (F – 4) промышленного изготовления. ПТФЭ имел степень кристалличности, равную 65% и плотность 2132 кг/м. Исследуемые образцы ПТФЭ представляли собой диски диаметром 30 мм и толщиной 15 мм. Для определения фазовых переходов в ПТФЭ, нами были проведены измерения теплопроводности в интервале температур 80 – 330 К на теплофизической установке ТАУ–5 Физико-технологическом центре КазНПУ им. Абая [1]. Методом рентгеноструктурного анализа была исследована структура образца ПТФЭ на установке «ДРОН» в нанолaborатории инженерного профиля КазНУ им. аль-Фараби.

Анализ экспериментальных данных температурной зависимости теплопроводности ПТФЭ показал, что теплопроводность в интервале температур 80-293 К линейно возрастает с ростом температуры. При температуре 293 К наблюдается скачкообразное увеличение теплопроводности, далее значение теплопроводности падает и при температуре 303 К теплопроводность вновь возрастает (Рис.1) [2,3].




Рис.1. Температурная зависимость теплопроводности ПТФЭ

Известно [1], что полимер состоит из очень большого числа N ($N \sim 10^3 - 10^5$) повторяющихся звеньев или мономеров.

Например, повторяющиеся звенья ПТФЭ можно изобразить как $\dots - C_2F_4 - C_2F_4 - C_2F_4 - \dots$, которые образуют длинные цепи.

Особенность строения макромолекул: большая длина, способность изгибаться и принимать различные положения обуславливают у полимеров характерные особенности структуры и разнообразие структурных форм. В зависимости от величины межмолекулярных и внутримолекулярных сил полимеры могут находиться в двух фазовых состояниях: аморфном и кристаллическом. При этом у полимеров структура и характер изменения свойств будут различаться в зависимости от того, в каком физическом состоянии они находятся, а также от их соотношения.

При низких температурах макромолекулы ПТФЭ из-за заторможенной подвижности и плотного расположения находятся в кристаллическом состоянии. Плавное линейное возрастание теплопроводности ПТФЭ в области низких температур обусловлено внутримолекулярными взаимодействиями основной цепи. Скачкообразные изменения теплопроводности вызваны фазовыми переходами. При повышении температуры взаимодействие между макромолекулами в ПТФЭ уменьшается, что приводит сначала увеличению подвижности ее сегментов, а затем и всей макромолекулы.

